

Хаттама №3

Педагогикалық кеңес отырысының

Күні: 2026 жылғы қаңтар айы

Өтетін орны: мектепке дейінгі ұйымның әдістемелік кабинеті

Қатысқандар: 5

Төрағасы: Мельченка В.А

Хатшысы: Мейремхан М

Күн тәртібі:

1. Өткен педкеңес шешімінің орындалуына есеп беру.

2. Тақырыбы: «Жарты жылдық жұмыстың қорытындысы»:

1. 1-ші жартыжылдық жұмыс қорытындысы, аралық мониторинг бойынша есеп.

2. Мектепке дейінгі ұйымдарда мерекелік шараларды ұйымдастыруды бақылау бойынша есептер.

3. «Аналар және әжелер мектебі», «Әкелер мектебі» бойынша атқарылып жатқан жұмыстардың есебі.

4. Психологиялық тренинг, педагогтар мен жұмысшылардың сергіту сәті.

5. СанПиН талаптарының орындалуы (медбике).

1-мәселе бойынша ТЫҢДАЛДЫ:

Топ тәрбиешілерінің №2 педагогикалық кеңесте қабылданған шешімдердің орындалу барысы туралы есептерін.

ШЕШТІ: Шешімдердің орындалуын қанағаттанарлық деп бағалау, толық орындалмаған тапсырмаларды 2-ші жартыжылдықта аяқтау. Жауапты: топ тәрбиешілері.

2-мәселе бойынша ТЫҢДАЛДЫ:

Меңгерушінің «Жарты жылдық жұмыстың қорытындысы» тақырыбындағы баяндамасын. 1-ші жартыжылдық жұмыс қорытындысы, аралық мониторинг нәтижелері ұсынылды, балалардың білім, білік, дағды деңгейінің көрсеткіштері талданды.

Мектепке дейінгі ұйымдарда өткізілген мерекелік шараларды ұйымдастыруды бақылау бойынша есептер тыңдалды, іс-шаралардың жоғары деңгейде өткізілгені атап өтілді.

«Аналар және әжелер мектебі», «Әкелер мектебі» жобалары бойынша атқарылып жатқан жұмыстардың есебі берілді.

Педагог-психологтың психологиялық тренингі, педагогтар мен жұмысшыларға арналған сергіту сәті өткізілді.

Медбикенің СанПиН талаптарының орындалуы туралы есебі тыңдалды, санитарлық-эпидемиологиялық режимнің сақталу жағдайы қанағаттанарлық деп бағаланды.

ШЕШТІ:

2.1. 1-ші жартыжылдық жұмыс қорытындысын қанағаттанарлық деп тану, 2-ші жартыжылдыққа міндеттер белгілеу. Жауапты: меңгеруші, әдіскер.

2.2. «Аналар және әжелер мектебі», «Әкелер мектебі» жобаларын жалғастыру. Жауапты: тәрбиешілер. Мерзімі: оқу жылы бойы.

2.3. СанПиН талаптарының сақталуын үнемі бақылауда ұстау. Жауапты: медбике. Мерзімі: тұрақты.

Төраға: Мед

Хатшы: Марк